

# ОТБАСЫ

Н  ¥  С  К  А  У  Ы

# ОТБАСЫ

Н Ү С Қ А У Ы

Баспасы  
Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелері Шіркеүі  
Солт Лейк Сити, Юта

© 1992, 1999, 2001, 2006 by Intellectual Reserve, Inc.  
Барлық құқықтары корғалған  
Америка Құрама Штатында басылып шығарылды

Ағылшын мәтіні бекітілген: 2/06  
Аудармасы бекітілген: 2/06  
*Family Guidebook* аудармасы  
Kazakh

# Мазмұны

---

«Отбасы: Элемге үндеу»	iv
Отбасының ұйымдасуы мен мақсаты	1
Отбасында Інжілді оқытып үйрету	5
Отбасындағы міндеттерді орындау	14
Басшылықтың оқытуы	17
(Жеке аумақтарда тұратын отбасының) үйінде Құдайға сыйыну қызметін өткізу	18
Әулиеліктің арнау рәсімдері мен баталары	20
Шіркеудің оқу жабдықтары мен отбасы тарихы туралы ақпаратты іздел табу	28

---

# «Отбасы: Элемге үндеу»

1995 жылы Бастапқы Президенттік және Он Екілік Кворум Апостолдары «Отбасы: Элемге үндеу» жолдаманы жария етті. Бұл үндеу - декларация және ілімдер ұстанымдарын құптайтын дәлел, оны пайғамбарлар неше дүркін Шіркеудің бүкіл тарихы бойы хабарлаған еді. Оған әр отбасына бақыт пен саулық беретін өмірлік маңызы бар ұстанымдар кіреді. Отбасы мүшелері үндеуді оқып, сол ұстанымдармен өмір сұруі тиіс.

«Біз Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелері Шіркеуінің бастапқы Президенттігі мен Он Екілік Апостолдар алқасы салтанатты түрде ерлі-зайыпты еркек пен әйел Құдайдың бағыштауы деп, жария етеміз және Жаратқан Иенің жоспарындағы балаларының мәнгілік өмірінде отбасы ең басты орын алады.

«Барлық адамдар—әйел және еркек—Құдайдың бейнесі бойынша жаратылған. Әрқайсысы қоқтегі ата-анамыздың сүйекті рухани ұлы мен қызы, сондыктан барлығына Құдайдың берген табигаты мен тағдыры даяр. Оның жер бетіндегі өмірге дейін, жер бетіндегі өмірде, мәнгілік өмірінде және бағытындағы әркімнің ерекші гендерлік даралық мәні бар.

«Жер бетіндегі өмірге келгенге дейін рухани ұлдар мен қыздар Құдайды танып біліп, өздерінің Мәнгілік Әкесіне сыйынғандай оған да бас иген және Оның балалары осы өмірдің тәжірибесін алу үшін табигат тәнге ие болды, Құдайтың арнауын әбден жетілуге және түпкі жүзеге асыру қозғалыс үшін мәнгі жер өмірінің мұрагерлері ретінде Оның

жоспарын қабылдады. Құдайдың құтқару жоспары о дүниеде де, отбасыға өмірін жалғастыруда мүмкіндік береді. Киелі арнау рәсімдері мен өсиеттер қол жетерлік қасиетті гибадатханаларда, ол әрқайсысымызға Құдайдың қасына қайта оралуға мүмкіндік береді және солар арқылы отбасылар мәнгі бірге өмір сұруғе мүмкіндік алады.

«Құдайдың Адам мен Хаяға берген бірінші өсиеті , олардың күйеу мен әйел болып ата-аналық қабілетіне мүмкіндік тузызды. Біз Құдайдың өз балаларына берген «өмір сүріп, өніп – есіндер» - деген өсиетті, өз күшінде екенін жария етеміз. Біздің тағы айтартымыз: Құдайдың жарлығы бойынша бала туудың қасиетті күшін тек қана заңды некедегі ерлі-зайыпты еркек пен әйелге берілген.

«Бұл жер өмірінің жаратылыс күштері, ол құдайшыл арнау деп, біз мәлімдейміз. Біз өмірдің қасиеттілігі мен Құдайдың мәнгілік жоспарының маңыздылығын растаймыз.

«Күйеуі мен әйелі бір-біріне және өз балаларына сүйіспеншілігін білдіріп, қамқор болуға салтанатты

---

түрде міндет жүктеледі. «Балалар Құдайдың берген мұрасы» (Забур 127:3). Балаларды сүйіспеншілік пен әділ жолында өсіру, олардың рухани мен табиғи қажеттіліктерін қамтамасыз ету, бір-бірін сүйіспеншілікке үйретіп, қызмет көрсетуге, Құдайдың берген өсияттерін орындайтын және өзі тұратын жердің заңына бағынатын азаматтары болатында тәрбие беру ата-ананың қасиетті міндеті. Қүйеулері мен әйелдері, аталары мен аналары осы міндеттердің қанышалықты орындалғанына Құдайдың алдында жауапты.

«Отбасы Құдайдың жазған тағдыры. Ерек пен әйелдің некеде болуы Оның мәнгілік жоспарының басты іргетасы. Балалар ерлі-зайыптыдан туылып неке антын сақтай білген ата-ананың тәрбиесін алуға құқылы. Егер Құдайымыз Иса Мәсіхтің ілімдерін үйреніп, дұрыс жолға түссек, отбасының бақытты өмір сүруіне жетуге болады. Бақытты некелер мен отбасылар сенімімен, мінажат етуімен, күнәдан арылуымен, тәубеге келуімен, кешірім алудымен, құрметтеуімен, сүйіспеншілігімен, мейірімділігімен, еңбегімен және толық демалысымен құрылыш бекітіледі. Құдайдың ниетіне сәйкес әкелер, өз отбасына, сүйіспеншілік пен әділдікте

төрағалық етуге тиісті. Отбасыға қамқор болып, өмірлік барлық қажеттіліктерді қамтамасыз ету әкелердің міндеті. Аналардың басты міндеті - өз балаларына қамқор болып, дұрыс тәрбие беру. Осы қасиетті міндеттерді орындаі отырып, әке мен ана тепе-тендікті сақтап, бір-біріне комектесуі керек. Егер де закымданып, қайтыс болған немесе төтеніше жағдай орын алса, олардың ролі өзгеруі мүмкін. Шұғыл жағдайда жақын туыстары қолдау көрсетіп, қомегін берулері тиіс.

«Біз ескертеміз: пәктік өсиятті бұзғандар, қүйеуіне (әйеліне) немесе өз әuletіне мейірімсіздік көрсетіп, өзінің отбасының алдындағы міндеттерден бас тарқан болса, уакыты келген кезде Құдайдың алдында жауап береді. Тағы біздің ескертетініміз, отбасының бұзылуы адамдарды, қауымды, біртұтас халықты ауыртпашилыққа ұшыратады.

«Біз дүние жүзіндегі қадірлі азаматтар мен мемлекет қызметкерлерін қоғамның іргетасы отбасын, сақтап және бекітуге бағытталған шарада қатысты болуына шақырамыз» (Лиахона, қараша 1998ж., 14 бет).



# Отбасының ұйымдасуы мен мақсаты



## Ұйымдасуы

Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелері Шіркеуіндегі отбасы қасиетті және ол мезгіл мен мәнгіліктे қофамның ең маңызды бастауыш үйымы болып келеді. Өз балаларына бақыт сыйлау үшін Құдай отбасын жаратты, дұрыс

ұстанымдарды махабbat ортасында үйреніп, мәнгілік өмірге дайын болуға оларға мүмкіндік берді.

Үй – оқытын, түсіндіретін, Інжіл зандарын қолданатын ең ыңғайлы орын. Ол жерде адамдар өздеріне қажетті тамақты, киімді, баспананы және басқа да өздеріне керектігін қамтамасыз етуді үйренеді. Эке мен ана, тепе-теңдікті сақтап, әр отбасы мүшесіне көмектесуі тиіс:

- Құдайға деген сенімді нығайтып, ақиқатты іздеу.
- Күнәдан арылып, күнәқарлық үшін кешірімін алуға су рәсімінен өтіп, Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелері Шіркеуінің мүшесі болып, Киелі Рухты қабыл алу.



- Құдайдың өситеттеріне бағыну, Киеіл жазбаларды оқу, күнделікті өзін мінажат етіп, басқаларға қызмет ету.
- Інжілді басқа адамдарға жеткізіп бөлісу.
- Ақтықта иеленіп лайықты серіктеспен ғибадатханада мәңгілікке неке құрып, отбасыңа бақытты үй орнат және отбасыңды сүйіспеншілікте жан-тәнінмен қолда.



- Арғы ата туралы ақпарат іздестіру, олар үшін ғибадатханада арнау рәсімдерін өткізу.



- Рухани, әлеуметтік, материалдық және әмоциялық саулыққа, қажеттіліктерін қамтамасыз ету.

Отбасында әкесі төрағалық етеді, ол балаларын оқытуға және отбасы мұшелерінің өмірлік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге, қанағаттандыруға міндettі. Біздің Шіркеуде тұрарлық және оған қықы бар әкे әулиеліктің ұстаушысы бола алады, ол Құдайдың атынан жүргізетін күш пен биліктің қолдауымен әкесі өз отбасындағы әулиелік жетекшісі болады. Ол өзінің отбасы мұшелері Көктегі Әкеміздің қасына қайта оралу дайындығында жетекшілік етеді. Оның әйелі ең басты серіктесі, одактасы және ақылшысы. Отбасы мен үйге байланысты барлық сұрақтар бойынша күйеуі мен әйелі бірлесіп, ақылдасулары керек.

Өз отбасының рухани қажеттілігін қанағаттандырудың қамтамасыз ету әкесінің борышы. Ол өз отбасындағы мұшелері Иса Мәсіхтің Інжіл ілімдерін оқығанын қадағалап, Құдайдың берген оситеттерін сақтауында, оларды ниеттендіре комектесіп, барлық мүмкіндікті істейі тиіс.

Отбасының әкесі әулиеліктің ұстаушысы, сондықтан ол өзінің отбасы мұшелеріне батасын беріп, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Әулиеліктің билігіне сәйкес және өзінің әулиелік басқарушысының рұқсатымен әке істей алады:

1. Балаға ат қою және бата беру.
2. Баланы су рәсімінен өткізу (және басқаларды).

3. Балаларға (және басқаларды) Шіркеу мүшелігіне бекітім жасап, оларға Киеle Рұхты беру.
4. Өзінің үл балаларына (және басқаларды) әулиелік қасиетін береді және оларды әулиеліктегі қызметке арнайды.
5. Бата мен діни анты (нан мен суды) тарату.
6. Моланы дәріптеу.

Мәліксадықтың Әулиелігін ұстаушы әке, әулиеліктік басқарушысының келісіміз майды дәріптеуге, отбасы мүшелеріне бата беруге және тағы басқа адамдар ауырғанда, басқа да жағдайда және қажеттілік жағдай туындағанда ерекше бата береді. (Әулиелік арнау рәсімдері мен бата беру істерін осы нұсқаудың 20-27 бет. табасыз.)

Әке әрдайым оның отбасы үш негізгі міндеттерде белсене қатысқандарын бақылауда ұстауы керек.

1. Жеке өзі және отбасының рухани және пенделік дайындықтарын.
2. Інжілмен бөлісу.
3. Отбасы тарихы және тірі жан мен өлгендерге арнау рәсімді өткізу.

Ана өз қүйеуінің тен құқықты серіктесі мен кеңесспісі. Оған ол балаларына Құдайдың зандарын үйретуге көмектеседі. Егер үйде әкесі болмаса, онда отбасында ана, төрағалық етеді.

Әке мен ананың мақсаты біртұтас болуы керек. Олардың мақсаты барлық отбасы мүшелерін біздің Қоқтегі Әкемізге қайтып оралуына

дайындау. Олар осы бағыттағы жұмыста бірігулері керек. Экелер мен аналар өз отбасында оқытушысы мен қамқоршысы болуға көмектесу үшін Құдай Шіркеуін құрды.

Отбасында балалар пайда болғанда, ата-аналары оларды қашшанда жақсы көріп, өмірінде дін тәртібін ұстаушы үлгісі болып, Інжіл ақиқатына үйретулері тиіс. Балалар Құдайдың өситеттерін менгеріп, сақтауы керек. Олар өз ата-аналарын қадірлеп, бағынуы тиіс.

Шіркеудің құші Иса Мәсіхтің Інжілімен өмір сүретін отбасы мен жеке тұлғаларға тәуелді. Інжіл батасын алғып, ләззатқа бөлленген отбасының дәрежесі, әке мен ана өз міндеттерін түсініп, ата-ана ретінде қаншалықты оны орындастырып, байланысты. Шіркеу ешқашан экелер мен аналарға өз міндеттерін кемістітіндей немесе әбігер ететін тым көп жүкті болатын бағдарламаларды орындауда жауапты болуларын көзdemейді.

## Мақсат

Көктегі әкеміз бізді сүйгендіктен бізде сол секілді биікке көтерілгенімізді қалайды. Бізге көмектесу үшін, ол бізге Құдайдың ақиқатты зандарынан құралған іске асырап жоспарын берді. Кім сол жоспарды біліп, дұрыс жолға тұсқен болса, бір күндерде Қоқтегі Әкеміздің өмірі секілді рақатқа батып өмір сүре алады.

Жоспардың бір бөлігі бойынша, біздің көктегі өмірімізді қалдырып, жер бетіне келу болған. Бұл жерде біз тән денеге ие боламыз, тәжірибе жинап үйренеміз және Құдайдың қасында қайтадан өмір сүрге лайық екенімізді дәлелдейміз. Оның берген зан жолдарын өзіміз еркін таңдай отырып, абыройымызды

дәлелдейміз. (Абрахам 3:23-25; 2 Нефий 2:27. қара)

Бізді Оның қасында өмір сүруге дайындау үшін, Көктегі Әкеміз бізді отбасы ретінде үйымдастырды. Эулиелілік арнау рәсімдер мен осиеттер арқылы, біздің отбасымыз мәңгілікке бірігеді.

# Отбасында Інжілді оқытып үйрету



## Балаларды мейірбандық пен сүйіспеншілікте оқытып үйрету

Құдай ата-аналарға өз балаларын Інжілді оқытуға осиет етті. Ол былай деген:

«Егер ата-ананың Сионда немесе сол басқа да бекітілген қазықтарда балалары бола тұрып, оларды Иса Мәсіхке деген сеніміне, Құдайдың тірі Баласына және соны ұғып тәубеге келуді, су рәсімінен отіп, Киел рухты тарту ететіндігі туралы үйретпеген болса, онда балалар сегіз жасқа толған бетте ата-аналар өз басына құнә жүктейді.

«Осы заң Сион тұрғындарына немесе басқа да бекітілген қазықтар үшін болуы тиіс.

«Олардың балалары дүниеге келгелі сегіз жасқа толған бетте, құнәларын өтеуі үшін су рәсімінен отіп, қолды басына қою рәсімін алуды тиіс.

«Олар да өз балаларын мінәжат етіп, Құдайдың алдында адал жолымен өмір сүруді үйрететін болады» (І мен Θ 68:25-28).

Ата-аналар балаларын мейірбандық пен сүйіспеншілікпен үйретулері керек, Апостол Пауылдың кенесін есте сактап, «[өз балаларын] Құдайдың ілімінде және осиетінде тәрбиелеу» (Ефестіктер 6:4).

## **Киелі жазбаларды отбасында оқу**

Біз Көктегі Әкеміз секілді өмір сүре аламыз, және сол батаның негізіндегі зандарды сақтай отырып, соның ракат өміріндегі өмірден ләззат ала аламыз (І мен Ө 130:20-21). Сол зандардың тәртібі бойынша өмір сүрер алдында, біз ол зандарды білуіміз қажет. «Надандықта адамның құтқарылуы мүмкін емес» (І мен Ө 131:6).

Иса Мәсіх біздің көсем мен заң берушіміз. Ол біз ұстанатын жол мен зандарды біледі және әркімді соның жолымен жүрге шақырады. Оның айтқаны: «Жол да, шындықта, өмір де – Менмін: ешкім де Әкемізге келе алмайды, тек Мен арқылыға» (Жохан 14:6). Көктегі Әкемізге үқсас болып оған оралу үшін, біз Исаңың ілімдерін біліп, орындауымыз керек. Бізде Иса Мәсіхтің өмірі, ілімдері мен зандары туралы білім алуда көмектесетін Киелі жазбалар бар.

Шіркеуде Киелі жазбалар ретінде қабылдайтын төрт кітап бар, ол Киелі кітап, Мормон кітабы, Ілім мен Өсiet және Інжу Қазынасы. Олар Інжілдің зандары мен үлгілерін түсіндіреді, сонда біз барлық ойымызды, қылықтарымызды бен оқуларымызды бағалай аламыз. Олар бізге Иса Мәсіхтің өмірі мен ілімдері туралы білім береді және Құдайға сеніп, соның өсietімен өмір сүрген адамдарды үлгі ретінде келтірген.

Иса бізге Киелі Жазбаларды зерттеп, оны оқуды үйреткен (Жохан 5:39; 3 Нефий 23:1, I мен Ө қара).

Құдайдың ілімдері туралы білім алып, соның жолына тұсу үшін отбасылар Киелі жазбаларды үнемі бірге оқулары керек. Ата-ана өз отбасын құнделікті бір белгіленген уақытта жинап, Киелі Жазбаларды оқып, талқылауы тиіс. Оқи білетін отбасының әр мүшесіне Киелі Жазбаларды окуға мүмкіндік беріліуі керек.



Отбасының бір мүшесі, Киелі Жазбаларды оқып алдында мінажат етіп, әр адам оқығанды түсініп, сол туралы қуәлік алу үшін Көктегі Әкемізден бәріне бата беруін сұрауы қажет. Отбасылар Киелі Жазбаларды оқығаннан кейін де, өзінің отбасы мінажатын откізе алады.

Отбасылар Киелі Жазбаларды оқып, сол туралы ойланғанда, олар Құтқарушыға қатты үқсағысы келгісі кеп, өмірлерінде тыныштық пен бақыт табылады.

## **Жеке адамның және Отбасының Мінажаттары**

Мінажат еткенде әрқайсысымыз Қоқтегі Әкемізбен сойлесуді үйренуіміз керек. Ол бізді жақсы көреді және Онымен сойлескенімізді қалайды. Оған бізге берген батасы үшін алғысымызды айтып, Оны бізге жетекші болуда көмегін сұраганымызды қалайды. Егер біз сұрасақ ол көмегін береді. Дұғаның қебі бас еңкейтілген және сіздің көзіңіз жұмылған күйде айтылады, тізе бүккен кезде де, түрганда немесе отырғанда да.

Мінажат еткен кезде негізгі торт ұстанымды есте сақтаңыз:

1. Біздің мінажат Қоқтегі Әкемізге сүйенуден басталады: «Біздің Қоқтегі Әкеміз ...»
2. Бізге бергені үшін Қоқтегі Әкемізге алғысымызды білдіреміз: «Біз Саган алғысымызды айтамыз ...»
3. Қажеттігімізге одан көмек сұраймыз: «Біз Сенен сұраймыз ...»
4. Құтқарушының атына мінажатымызды аяқтаймыз: «Иса Мәсіхтің атына, аумин»

Біздің мінажат үнемі сол торт қадаммен жүруі міндетті емес, бірақ оны есіізде сақтасаңыз, ол бізді мінажат етуді үйретеді. Мінажат етуді біз бірінші мен тортінші

қадаммен бастап және аяқтауымыз керек, бірақ басқа сөздер қазіргі уақытта нені маңызды деп санайсыз, соған байланысты. Кейде өз мінажатымыздың басым болігін Қоқтегі Әкемізге деген алғысымызды білдіруге арнаймыз. Басқа жағдайда өз мінажатымыздың басым болігін Одан көмек сұрауға арнаймыз.



## **Жеке адамның мінажаты**

Әр адам жеке мінажат етуі керек, ен аз дегендеге, күніне бір рет танертең және кешке. Ата-аналар балалары сойлеген кезден бастап ак, өз мінажатын айтуды үйретулері керек. Ата-ана балаларын қалай мінажат ету керектігін олармен бірге тізе бүгіп отырып, айтқанын қайталауды ұсынып үйрете алады. Жақын арада балалар өз мінажатын ұсына алады.

## Отбасының Мінажаттары



Әр жанұя, отбасында, күнделікті мінажат етулері керек. Барлық отбасы бірге тізе бүгіп отырып, отағасы мінажат етуді ұсынып оны отбасының бір мүшесіне тапсырады. Эркім үнемі мінажат етуі керек. Кішкене балалар өз кезегі келгенде ата-анасына көмектесе алады. Отбасымен мінажат ету-ол балаларға тәрбие беру уақытының жақсы амалы, оларға Құдайға сыйыну, бойсұн мен сүйіспеншілік сияқты ұстанымдарды үйретеді.

## Ерекше Мінажаттар

Олардың мінажатын Құдай әрдайым естүге дайын екенін өз балаларына ата-аналар үйретулері қажет. Жеке өзінің және отбасының мінажатына қосымша, олар басқа уақытта да мінажат ете алады, егер де көмекте қажеттілік туындалғанда немесе алғысын білдіргісі келсе.

## Тамаққа берілетін бата



Ата-аналар отбасының мүшелерін Құдайдың берген тамағына алғыс айтуды үйрету тиіс және оның дәмін татар алдында батасын сұраулары керектігін. Эркім, кішкене балаларды қосып, өз кезегінде батасын сұрауы керек. Тамаққа бата беруді сұрап, мінажат ету ата-ана мен балаларды Қоқтегі Әкемізге деген иғлілігін білдіруді үйретіп көмектеседі.

## Отбасылық Үй Кеші

Отбасылық үй кеші барлығына арналған, ол жақын арада некеге отырған жас ерлі-зайыптылар да, әке мен ана балаларымен, жеке ата-ана балаларымен, үйінде балалары жоқ ата-аналар, үй кешіндегі жалғыз басты үлкендер және жеке өмір сүретін немесе болмеде тұратын көршісі. Эркім, олардың жағдайларына қарамастан, отбасында үй кешін өткізгені үшін батасын алатын болады. Отбасы мүшелері отбасы үй кешіндегі бірге болуы үшін, Шіркеу дүйсенбі құнғи кешті басқа шарадан босатады.



Бастапқы Президенттікте айтқаны: «Біз уәде етеміз, егер сіздер Құдайдың жолымен жүріп, отбасында үй кешін жиі өткізетін болсаңыздар, сіздер үлкен бата аласыздар. Ата-аналар Шіркеуде өз балаларын үнемі Інжіл ұстанымдарына үйретуді өз міндеттеріне алып, оларға үлгі болуында, біз мінажат етеміз. Осы маңызды міндеттемеде жауапты болуда сіздерге Құдай батасын берсін.» ("Message from the First Presidency," *Family Home Evening Resource Book* [1983], iv) («Бастапқы Президенттікте үй хабарлауы,» «Отбасылық Үй Кеші кітап қорынан

[1983], iv).

Өзінің отбасындағы патриархы ретінде, отағасы отбасылық үй кешіндегі төрағалық етеді. Экесі жок кезде анасы төрағалық етеді. Үй кешін ата-ананың өзі жүргізеді немесе отбасы мүшесіне өткізуі тапсырады. Олар сабакты өздері өткізеді немесе ұстаздық етуге лайық үлкен балаларына сеніп тапсырады. Әр үлкен болып саналатын отбасы мүшесі сабак барысында қатысуға мүмкіндігі болуы тиіс. Жас балалар-дирижерлік

ету, Киеві Жазбалардан үзіндіні оку, сұрактарға жауабын беру, суреттерді көрсетіп және сусындарды таратып мінажат ету секілді көмек көрсете алады.

Төменде отбасылық үй кешін өткізетін жоспардың ұсыныстары берілген:

- Кіріспе әнұран (барлық отбасымен)
- Кіріспе мінажат (отбасы мүшесі)
- Киеві Жазбалардан немесе дастаннан үзіндіні оку (отбасы мүшесі)
- Сабак (әкесі, анасы немесе үлкен баласының біреуі)
- Шара (отбасы мүшесінің біреуі басқа отбасы мүшелерінің қатысуымен өткізеді)
- Қорытынды әнұран (барлық отбасы)
- Қорытынды мінажат (отбасы мүшесі)
- Кешкі ас

Отбасылық үй кешін өзге түрде де, өткізе алады. Басқа да шаралар отбасылық үй кеші деп саналады, отбасын бірге жинап, бір-біріне деген сүйіспеншілікті бекітсе, онда ол Қектегі Әкемізге жақындастып, тұра жолмен өмір сүруге шакырады. Ондай шараның үлгісі болып кіретін: Киеві Жазбаларды оку, Інжілді талқылау, қуәгер етіп болісу, біреуге көмек көрсетудің жоспарын талқылау, бірігіп ән айтту, сейилге шығу, отбасымен ойын, көкке шығу. Барлық отбасылық үй кештеріне мінажат кіруі тиіс.

Отбасылық үй кешінің негізгі сабактарының бірі Киелі Жазбалар, соңғы замандағы Пайғамбарлардың сөздері, әсіресе Басты Конференциялар және жеке қуәгерлік пен рухани тәжірибе. Сабактардың басым болігі дүниеге келу, өмір, ілімдер мен Құтқарушының отеуінде негізделген болуы керек. Мына басылымдарда Інжіл Ұстанымдары, Інжілдің Негіздері, Сеніммен Мықты, Жастардың Адамгершілік Қүші мен Шіркеу журналдарында мақалалар мен басқа да сабак тақырыбына арналған мәліметтер бар, олар отбасылық үй кешіндегі сабактарының негізін құраған болар еді.

Төменде үй кешін өткізуге ұсынылған тақырыптар берілген:

- Құтқарудың жоспары
- Исаның өмірі мен ілімдері
- Тәубеге келу
- Мінәжат
- Ауыз бекіту
- Даналық сөз
- Құдайдың адамгершілік өлшемі
- Діни анты байланысының мәні
- Ондық
- Алғыс
- Адалдық
- Құдайды қадірлеу және Оның жасап шығарғанын күрметтеу
- Су рәсіміне дайындау, әулиелік қызмет атағына арнау, немесе неке
- Гибадатхана кіру дайындығы

- Киелі Жазбаларды оку
- Жексенбі күндік қасиетті сақтау
- Басқаларды кешіру
- Куәгерлік етіп онымен бөлісу
- Інжілді басқа адамдарға айттып бөлісу
- Отбасы тарихын жинастыру
- Өлімді түсіну және қабыл алу
- Отбасындағы қындықтарды шешу
- Отбасының қаражатын басқару
- Отбасындағы жұмыс міндеттерін бөлу
- Бағалы және ғанибет әуен

## **Мейрамдар мен ерекше оқиғалар**

Рождество, Пасха, әулиелікті қайта орнату жылдығы, конференциялар, отбасының бір мүшесінің миссияға кетуі, дуниеге келу, су рәсімінен оту немесе отбасы мүшесін бағыштау секілді мейрамдар мен ерекше оқиғалар Інжіл шындығына оқытудың жақсы мүмкіндігі.

## **Ондық пен қайырымдылық**



Құдай Өз халқына ондық занымен өмір сүруді және сол уәде еткен батаға лайық болып, өмір сүруді өситетті етті (Малахи 3:8-11 қара).

Ата-ана өздері ондық пен садақасын берген кезде өз балаларын осыған үйрете алады. Балалар өздерінің ата-анасы істегенін көріп, тез үйренеді. Олардың өз жеке жұмысауына берілген ақшадан ондықты төлеулері тиіс. Әр балада үш әр түрлі жинақ сандықшасы болуы керек: біреуі ондықка, біреуі миссияға, ал біреуі өз шығындарына. Әрдайым олар ақша алған кезде, олар алдымен 10 пайызын ондық сандықшасына салуға, содан соң бір шамасын миссия сандықшасына, ал қалғаның өз шығынына жұмысайтын сандықшага салуды үйренулері керек.

Балалар ондықты төлеген кезде, ата-анасы оларды ондықтын төлем түбіртегін толтыру әдісін және ақшамен бірге оны конвертке салып, епископ немесе шағын тармақтың президенттіне беретіндігін айтып, үйретулері қажет. Алыс аумақтарда тұратын отбасы, ондықты, тағайындалған өзінің әулиелік жетекшісіне берулері керек.

## Тамақтану кезіндегі талқылаулар

Дастарханның басында отырып тамақтанған кез, Інжіл туралы сойлесудің қолайлы сәті. Жас балалар Інжіл туралы сұрақтар қоюп, оған жауап бергенді үннатады. Олар жауабын білмеген

сәтте, ата-анасы қысқа түрде жауабын беріп, Інжіл туралы айтып бере алады. Әр астын басында Інжіл туралы талқылаудың қажеті жоқ, бірақ аптасына екі немесе үш рет соны өткізе, Інжілді білуіне көмектеседі.

## Ұйықтар алдында айтылатын Хиқаялар

Балалардың көбі ұйықтар алдында хиқая тындағанды үннатады, бұл Інжілге оқытудың қолайлы мүмкіндігі, оларға Киеlest Жазбалардан, шіркеу шығармасынан, өз тәжірибеліден хиқаяны оқып, немесе айтып, беруге болады. Адалдық, бөлісе білу және мейірбандық туралы хиқаялар Інжіл ұстанымдарының негізін үйретеді.

## Бірлесіп істеген еңбек



Шіркеу мүшелері бірігіп жұмыс істеген уақытта Інжіл білімін алудың үлкен мүмкіндіктер туындаиды. Үйдің шаруасымен айналысқанда немесе жұмыста, мысалы аулада немесе бақта ата-аналар мұқият болып, әр мүмкіндікті пайдаланып, Інжіл туралы әңгімелесуге дайын

булудары керек. Бала жиі сұрақ қояды. Ата-ана уақыт тауып, сұрақтарына қарапайым түрде жауабын берулері керек. «Сен жұмысты жақсы істейсін. Мен сенімдімін, Қоңтегі Әкеміз сені мақтан етеді», немесе «Қоңтегі Әкеміз жаратқан аспандағы әдемі бүлттарға қараашы» деген ескертулер, олардың Қоңтегі Әкемізге деген алғыс сезімін оятып, Оның шынайы екендігіне кепіл болады.

## Отбасылық қеңестер



Ата-аналар отбасы мүшелерін отбасылық қеңесіне жинай алады. Отбасы осы отбасылық қеңесін, отбасының мақсаттарын анықтауға, отбасындағы қыындықтарды шешүуге, қаражат туралы, жоспар құруда, біріне-бірі тірек болып, қолдауда және бір-бірі үшін мінажат етуінде қолдануға болады. Қажеттігі болған сайын әр кездे қеңесті откізуғе болады. Отбасылық қеңесін ата-аналар әр жексенбі құні немесе отбасылық үй кешімен бірге откізуғе болады. Басқа отбасы мүшелерінің ойы мен сезімін

құрметтеу отбасы қеңесінің сәтті етуінде маңызды рөлді атқарады.

## Жекелік сұхбаттар



Ата-аналардың басым бөлігі өзінің әр баласымен үнемі сұхбатасатын болса, жақын болуда, оларға қолдау көрсетуде және Інжілге оқытуда көмектеседі деп ойлайды. Ол сұхбат кездесулер арнайы түрде болуы мүмкін немесе еркін түрде.

Ата-ана өз баласына сүйіспеншілігі мен сезімін білдіруі керек, ал баланың қандай да зат, қындық немесе оқиғаға деген өз сезімін білдіруге мүмкіндігі болуы керек. Ата-ана баланы мұқият тыңдалап, оның қындықтары мен ашықтығын шындалап қабылдаулары керек. Ата-ана баламен бірге мінажат ете алады. Сұхбат кезінде анықталған қындықтар базақа отбасы мүшесіне әсер еткен болса, онда оны келесі отбасылық үй кешінде талқылауға болады.

## Отбасы шаралары

Ата-ана откізілетін отбасы шарасын жиі жоспарлауы қажет. Сейіл, көкке шығу, отбасы жоспары, үй мен бақ жұмысы, кемемен сапар шегу, сапар және жақсы фильмдер, тағы басқа да отбасы бірге рақатқа бөленіп қоңыл көтеретін шаралар.

Бірігіп өткізген шарадан қанағат алған отбасында махаббат пен татулық бар. Егер балалар ата-анасы өздеріне жақын екендігін сезінсе, олар ата-анасының айтқанына құлақ салып, олардың ақыл кеңесін орындаиды. Сонда ата-ана Інжіл білімін оларға өте тиімді жеткізе алады.



# Отбасындағы міндеттерді орындау



Шіркеудің миссиясы - ол барлық адамдардың Мәсіхке келуінде қомектесу. Отбасы осы миссияның орындалуына ат салыса алады, егер олар:

1. Өзінің рухани мен табиғи қажеттілігін қамтамасыз етіп, басқа адамдардың да қажеттігін қанағаттандыруды қомектессе.
2. Інжілді басқа адамдарға айтып бөліссе.
3. Шіркеу мүшелері ғибадатханалық арнау рәсімінен откенин қарап, өздерінің аргы аталарапына деген осы батаны алуында қомектессе.

## Рухани мен Табиғи қажеттіліктер

### Рухани қажеттіліктер

Отбасылар өзінің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруы

туралы осы нұсқаудың «Інжілді отбасында оқыту» бөлігінде айтылған.

### Табиғи қажеттіліктер

Отбасылар өздерінің жеке табиғи қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, басқаларға қомектесу үшін материалды тәуелсіз болуы керек. Тәуелсіз болуы үшін отбасылар жұмыс істеуге даяр болуы керек. Ол табиғи, ақыл-ой немесе рухани енбек. Ол жетістіктің, бақыттың, өзінің қадір-қасиетін сезініп өркендеудің көзі. Ата-аналар материалды тәуелсіз болуға ұмтылып өз балаларын да соған үйретулері керек. Материалды тәуелсіздік оларға басқа соған мұқтаж адамдарға қомектесуге мүмкіндік береді.

Оз отбасына деген өмірлік қажеттісін қамтамасыз етуде және

қамқор болуда әкесі жауапты. Анасының негізгі міндеті - балаларының тәрбиесіне жауапты болу. Ата-ана өз отбасында таза үй, пайдалы тамак, киім, медициналық тісті емдеу қызметі, білім алу мүмкіндігі болуын, ақша қаражатын басқаруды үйретеді, тағы ол мүмкін болса азықтың жартысын өздері өсіруін қарастырады. Ата-ана баласын тамақ әзірлеуді және оны келесі пайдалануда қалай сактау көректігін үйретулері керек.

Сол табиғи қажеттілікті қамтамасыз ету үшін ата-аналар қайсарлы жұмыс істеуге дайын болулары керек. «Сендер балаларыңың аш жалаңаш жүргеніне жол бермейсіңдер» (Мосия 4:14). Ауырған кезде, сұрапыл апатта, жұмыссыздықта, тағы өзге қындықтарда ата-аналар жоспар құрып, отбасы қажеттіліктерін қамтамасыз етуге дайын болулары керек. Егер отағасының өз отбасының табиғи қажеттіліктерін қамтамасыз етуінде қындықтары туындаса, және жанұяның басқа мүшелері көмектесуге шамасы келмесе, ол әулиеліктікегі жетекшілерден көмек сұраса болады.

Балалар олардың отбасындағы табиғи қажеттіліктерді қамтамасыз етуде көмектесе алады, өз енбегімен ата-анасына көмектесе отырып, олар мектепте жақсы оқып, киімдері мен өзге заттарын ретте сақтап, өзін және үйін тазалықта ұстап, өз денсаулығына да қарайлап.

Отбасы мүшелері өзінің оқу, жазу, негізгі арифметика қабілеттерін

жақсартулары керек, және білім алушағы әр мүмкіндікті пайдаланып, біліктілік дәрежесін жетілдіру тиіс. Олар Даналық сөзіне бағыныш, денсаулыққа пайдалы азықты жеулері керек. Мүмкіндігінше отбасылар негізгі жылдық, немесе барынша, өмірлеріне кажет азықтүлік қорын сақтаулары керек. Отбасы мүшелері керек емес қарыздардан қашқақтап, болашаққа қаражат қорын жинап, өзінің барлық міндеттерін орындауға, және ақшаны ақылмен жұмсай отырып, қажетсіз шығындардан құтылуы керек.

Ата-аналар өз балаларына бөлісуді үйретулері керек. Эркім бірденкені бере алады, өзіндегі аз болса да. Басқа адамдарға көмектесудің бір амалы-ол әр ай сайын ауыз бекітіп, садақа беру, оның мақсаты-аштарды тамақтандыру, үсіздерді орналастыру, жалаңаштарды киіндіру, азап көргендердің жанын женілдету. Басқа адамдарға көмектескенде, біз Құдайға деген сүйіспеншілігімізді көрсетеміз. Оның айтқаны: «Сендер бұны мына Менің бір кіші бауырларымның біріне жасағандықтан оны маған жасағандарың» (Матаї 25:40).

## **Інжілді басқа адамдарға жеткізіп бөлісу**

Өзінің Соңғы замандағы пайғамбарлары арқылы Құдайдың үйреткені, Шіркеудің әр мүшесі Иңжілді басқа адамдарға жеткізуғе міндетті деген. «Әр ескертілген адам, жаңындағысын ескерту тиіс» (І мен Θ 88:81). Мормон кітабындағы

Пайғамбар Алма, біз су рәсімінен өткен кезде, «біз әрдайым, барлық уақытта, барлық жерде күәгерлік етуге дайын болуымыз керектігін» түсіндірді. (Мосия 18:9)



Отбасы мүшшелері мүмкіндігінше туған туысқандары мен достарына, және көршілеріне, олардың өміріне әкелетін Иса Мәсіхтің Інжілі мен баталары туралы біліуінде көмектесу. Інжілді адамдарға жеткізіп, бөлісе отырып, ата-аналар мен балалар өз күәгерлігін нығайта алады және Інжілдің батасын басқаларға жеткізеді. Отбасы істей алады:

- Барлық өситеттерге бағынып, жақсы ұлғі болу (Матаі 5:16 қара).
- Шіркеудің мүшесі болғанға ризалығынызды білдіру (Римдіктерге 1:16 қара) және басқа адамдардан оны жасырмая.
- Таныс адамдардың бірі Шіркеу туралы көбірек білгілері келе меп сұрау.
- Інжілді біліп естуге дайын, жеке бір адам немесе отбасын табуға Құдайдан көмек сұрау.
- Қалайда отбасын немесе жеке адамды Шіркеумен

таныстыру-мысалы, отбасылық үй кешіне шақыру немесе Шіркеудің жиналысы мен шарага, оларға Шіркеудің кітаптарын немесе кітапшасын оқуға беру, немесе олармен Інжіл батасы туралы сөйлесу.

- Отбасы мен жеке адамды миссионерлермен кездестіру үшін өз үйіне шақыру.

Әздері мен өз балаларын толық құнгі миссияда қызмет етудің дайындығына ата-аналар жауапты. Балаларды миссияға дайындау үшін, әсіресе ұл балаларды, ата-анасы оларды Інжілге үйде үртетуі, жеке өзі және барлық отбасымен Киеіл Жазбаларды оқуы, жиі мінажат етіп, Інжілді басқаға жеткізу секілді міндеттерін де және одан алған батасы туралы сойлесулері керек. Олар өз балаларын, ақшаны үнемдеп арнайы миссияға жинауды, қайсарлы еңбек етіп, материалды тәуелсіз болуға және адамдарды жақсы көріп, оларға қызмет етуді үртеді.

### **Tірі және өлген адамға берілетін Ғибадатханалық арнау рәсімі**

Ғибадатханада, қадірлі Шіркеу мүшшелері киеіл арнау рәсімі мен Құдайдың өситетін алады. Олар тағы өз арғы аталары үшін арнау рәсімі жұмысына қатысады. Мүмкіндігінше әке мен ананың әрқайсысы өздерінің әулиелік басқарушыларынан «Ғибадатхана кепілдемесін» алып, өздерінің арнау рәсімінен өту үшін ғибадатханаға барулары керек. Егер

олардың ғибадатханаға барудың мүмкіндігі болмаса, олар «Ғибадатхана кепілдемесін» алу үшін қадір-қасиетке лайық өмір сүрулері тиіс.



Қасиетті міндеттері бар отбасылар, ғибадатханалық арнау рәсімін алмай бақылық болған аргы аталары үшін өткізулері керек. Өзінін арнау рәсімін алған Шіркеу мүшелері Ғибадатханаға үнемі оралып, уақыттары болып шамасы келіп жатса, ғибадатхана кепілдеме

рұқсатын алып, аргы аталары үшін арнау рәсімін өткізуі қажет.

Әке мен ана өз өмірі мен балаларының өміріндегі болған оқиғалардың құжатын жинаулары керек, оған қоса тағы баталардың күелігі, су рәсімінен өткені туралы, қолды қойып бағыштаулары, неке мен өлімдері, манызды хаттар, суреттер мен газет қызындыларын, тағы басқа үйлес заттарды. Олар өздерінің жеке тарихын құрастырулары керек, және әр шіркеу мүшесі өз тарихын сақтап қалуына ынталандыру керек. Олар өздерінің жас балаларына өз жеке басының тарихын бастауына көмектесуге тиісті.

Отбасылар өздерінің аргы аталары туралы мәліметтер жинап, оны отбасы тарихына енгізулері керек. Олар өздерінің соңғы төрт буыны туралы мәліметтерді құрастырудан бастауы қажет.

## Басшылықтың оқытуы



Қазық, миссия немесе аймақ жетекшілері ісінің бастауымен әулиелік жетекшілер мен қосалқы үйымдар, ата-аналар отбасының үш негізгі міндеттерін түсініп орындауы керектігін, оларға үйретулері керек (12-15 бетті қара). Жетекшілер эке мен ананы өз отбасын қалай басқару керектігін үйретулері тиіс. Егер отбасы алсы аумақта тұратын болса, онда қазық, миссия, аймақ жетекшілері ата-ананың өз міндеттерін біліп, орындағанын бақылауы тиіс.

# (Жеке аумактарда тұратын отбасы) үйінде Құдайға сыйыну қызметін өткізу



Кейбір отбасылар алыс өнірлерде тұрғандықтан тармақтағы немесе шағын тармақтағы жиналыстарда жи қатыса алмайды. Қазық, миссия немесе аумақ президенттің рұқсатымен, ол отбасылар өз үйінде Құдайға сыйыну қызметін өткізе алады. Егер өнірлерде тіркеуден өткен Шіркеу болмаса, онда ол отбасыларға Аумак Президенттің рұқсаты қажет.

Әкесі немесе басқа әулиелікті ұстаушы діни анты орнын дайындал батасын бере алады, егер ол Харұн Әулиелігінде лайықты дін қызметшісі болса, немесе Мәліксадық Әулиелігінің ұстаушысы болып, өз ғалиелік жетекшілерінің рұқсатын алған болса. Әр әулиелікті ұстанған адам діни антты таратады. Діни антты беру қызметі осы нұсқаудың 23-25 беттерінде көлтірілген.

Жексенбілік қызмет қарапайым, қастерлі, құрметке тұрарлық түрде отуі керек. Оның құрамына кіретін:

1. Кіріспе әнұран
  2. Кіріспе мінәжат
  3. Бата беру және діни антын тарату
  4. Бір немесе екі келесі бөлімдер:
    - Бір не екі қысқа түрде сөз сойлеуі немесе қуәгерліктер;
    - Киелі жазбаларды отбасымен бірге оқып талқылау;
    - Шіркеу мүшесінің дайындаған сабағы;
  5. Корытынды әнұран;
  6. Корытынды мінажат;
- Жексенбілік Құдайға сыйыну қызметін жоспарлағанда, ата-аналар Құдайдың Рухани тәлімін

алуға ұмтылуы керек. Мормон кітабындағы адамдар сол секілді қызмет үлгісін берді: «Олардың жиналышы болды ... Рухтың әсері мен Киели Рухтың қүшімен; не сол Киели Рух жетелеп, оларды уағыздау етуге, мінажат етуге немесе кешірім сұрауға, ән айтуға, сол солай істелінді» (Мороний 6:9).

Отбасылар Киели жазбаларды негізгі жетекшісі ретінде пайдаланулары керек. Тағы *Бастапқы Конференцияны, Інжіл Ұстаниымдарды, Інжілдің Негіздері, Сеніммен Мықты, Жастардың Адамгершілік Қүші*, миссионерлік кітапшалар, шіркеу журналдары, және басқа да басылымдар мен бейнежазу мәліметтерін қолдануға болады.

Егер отбасында әулиелікті ұстаушы болмаса, әке мен ана отбасы мүшелеңін біріктіріп, әнұран айтып, Киели Жазбаларды оқып, мінажат ете алады және бір-бірімен

Көктегі Әкемізге жақын болуда. Бұл отбасына жетекші ретінде берілген әулиелік жетекші, әрдайым сол отбасына діни антын алу мүмкіндігін үйімдастырыу керек.

Ата-аналар апта бойы мына секілді шараларды үйімдастырулары керек, кокке шығу, сейіл, пайдалы фильмдерді көру, туыскандармен қатынасу, спорт немесе әуен бағдарламалары, суда жүзу.

Отбасы ондық пен ауыз бекітуден садақа тағы басқа садақа жарнасын тағайындалған әулиелік жетекшісіне берулері керек.

Отбасы Шіркеуге ешқандай жазба есеп бермейді, бірақ тағайындалған әулиелік жетекшісі үнемі отағасымен сұхбаттасып, оның отбасы туралы айтуын сұрайды. Қажет еткен жағдайда, жетекшілер телефон арқылы да сұхбатты өткізе алады.

# Әулиеліктің арнау рәсімдері мен баталары



Әулиелік арнау рәсімдері-ол әулиелік істер, Құдайдың бергені және әулиеліктің билігімен атқарылады. Киелі баталар әулиеліктің билігімен беріледі; ол сауықтыру, жұбату, қолдау үшін. Арнау рәсімдерді өткізіп, батаны беретін ағалар, өздерін Інжіл заңымен өмір сұруге және Киелі Рухпен жетекшілік етуге дайындаулары керек. Олар арнау рәсімдерді және бата беруді лайық түрде істегерлері керек, келесі талаптарды қанағаттандыру үшін:

1. Иса Мәсіхтің атына орындалады.
2. Әулиеліктің билігімен орындалады.
3. Ол барлық қажетті ретімен орындалуы тиіс, ол арнайы

сөздерді қолдану немесе қасиетті майды пайдалану.

4. Қажет болған жағдайда, тиісті кілті бар, арнайы қойылған әулиелік жетекшінің рұқсатын алу.

Дүлиелік жетекшінің рұқсатын талап ететін арнау рәсімдер-ол балаға ат қойып бата беру, су рәсімін өткізу мен бекітімдер, әулиелікті беру және әулиелік қызмет атына арнау, бата беру және діни анын тарату, моланы дәріппеу.

Егер арнау рәсімдер мен бата беруді бірнеше ағалар орындаса, олардың әрқайсысы өзінің сол қолын, сол жағында тұрған ағасының иығына сәл түсіреді. Тәжірибеде қатысуға

тым көп әулиелікті ұстаушыларды қомекке шақырудың қажеті жоқ.

Осы бөлімде бейнеленген, арнау рәсімдері мен бата берулер, әкелерге патриарх ретінде өз отбасында қызмет көрсетуде қомектеседі.

## Балаға ат қою және бата беру



«Баласы бар, Шіркеудің әр мүшесі, шіркеуге аға миссионерлерге алғып келуі керек, олар Иса Мәсіхтің атына балалардың басына қолдарын қойып, Соның атына батасын береді.» (І мен Θ 20:70). Осы аянға сәйкес, ат қою мен бата беруде, тек қана соған лайық Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы ғана қатыса алады. *Балаға ат қою мен бата беру арнау рәсіміне, төрағалық билігінің рұқсат бекітімі қажет.*

Балаға бата берген кезде, Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы ер адамдар шенберге тұрып, баланы қолына алады. Сәл ересек жастағы балаға бата берген кезде ағалар қолын алақанымен баланың басына жайлап қояды. Бата беретін адам:

1. Көктегі Әкеге үндеу.
2. Бата беру Мәліксадық Әулиелігінің билігімен орындалатынын мәлімдейді.
3. Балаға ат қояды.
4. Рухтың бағытымен әулиеліктің батасын береді.
5. Иса Мәсіхтің атына аяқтайды.

## Су рәсімінен өту



Төрағалық билігінің жетекшілігімен, қадірлі дін қызметшісі немесе Мәліксадық Әулиелігінің ұстаушысы су рәсімін өткізе алады. Сол үшін:

1. Су рәсімін қабылдайтын адамның қасында тұрады.
2. Қолайлы және қауіпсіз болуы үшін, адамның оң білегін өзінің сол қолымен ұстайды; су рәсімін қабылдайтын адам, су рәсімін өткізетін адамның сол білегін өзінің сол қолымен ұстайды.
3. Оң қолын тік бұрыш секілді көтеріңкі түрде ұстайды.
4. Адамның толық атын айтып, «Иса Мәсіхтің берілген билігімен мен сені/сізді Әкенін, Оның Ұлы, және Киелі Рухтың атынан су

рәсімінен өткіземін», аумин (І мен Θ 20:73).

5. Су рәсімінен өтетін адам он қолымен, ыңғайлығы үшін, өз мұрнын қысып ұстауы керек, содан соң су рәсімін өткізетін адам өзінің он қолын адамның арқасына жоғары қойып, оны толығымен, киімін қоса, суға батырады.
6. Адамға судан шығуына көмектеседі.

Екі дін қызметшісі немесе Мәліксадық Әулиелігінің ұстаушысы әр су рәсімін бақылаиды, оның тиісті түрде өткізілгеніне қөзін жеткізу үшін. Рәсім қайта қайталануы керек, егер оның сезі дәл мәтіннің қайталауы болмаса, Илім мен Өсінеттің 20:73 келтірілгендей, немесе су рәсімінен өткеннің денесінің бір бөлігі не болмаса киімі суға толығымен батпаған болса. Су рәсімін өтетін және арнау рәсімді өткізетін адам суланғанда денесі көрінбейтін ақ киімді киуолері керек.

## Бекітім

Таяуда қабылданған тоғыз жастағы мен ересектер және сегіз жастағы балалар, олардың ата-анасының екеуі де шіркеу мүшелігіне жатпаса, діни анты жиналышында бекітімнен өтеді (І мен Θ 20:41 қара). Сегіз жастағы бала су рәсімінен өткен соң, сол рәсім өткен жерде бекітімнен өте алады, тек, егер оның ата-анасының біреуі шіркеу мүшесі болса және ата-ананың екеуі де су рәсімі мен

бекітімнен өтуге рұқсаттарын берсе. Епископ немесе тармақ президентінің жетекшілігімен бұл арнау рәсім, бір не бірнеше Мәліксадық Әулиелік ұстаушы ер адамдар орындаі алады. Олар қолдарын адамның басына жайлап орналастырады. Бұл арнау рәсімді орындаушы:



1. Адамның толық атын айтады.
2. Бұл арнау рәсімі Мәліксадық Әулиелік билігімен өткізілетінін мәлімдейді.
3. Адамды Иса Мәсіхтің Соңғы Замандағы Әулиелері Шіркеу мүшесіне бекітеді.
4. Киелі Рух тартуын береді, айтып, «Киелі Рухты қабыл алыңыз».
5. Рухтың бағытымен әулиелік батасын береді.
6. Иса Мәсіхтің атына аяқтайады.

## **Әулиелікті беру және Әулиелік қызмет атында арнау**



Епископ немесе шағын тармақтың президенті - Харұн Әулиелігіне, дьякон қызмет атына арнауды, мұғалімдікке және дін қызметіне берілетін тартуды қадағалайды. Харұн Әулиелігін адам алар алдында, ол епископ немесе шағын тармақтың президентімен әңгімелесуден өтүі керек. Сол сойлесудің нәтижесімен оның қадір-қасиетіне тұжырымдама жасалады. Тағы да діни анты жиналысында ол үшін дауыс беріп өткізу керек. Епископ немесе шағын тармақтың президентінің рұқсатымен, дін қызметшісі Харұн Әулиелігін басқа адамға тарту ете алады, және оны Харұн Әулиелігінің қызмет атына арнай алады.

Мәліксадық Әулиелігін тартуына және ага миссионерлер мен жоғарғы дін қызметшісіне қызмет атын арнауында қазық немесе миссия президенті жетекшілік етеді.

Әулиелік тартуды және Әулиелік қызмет атын алу үшін, талапқа сай әулиелікті ұсташы және терағалықтағы уәкілдің рұқсаты бар бір немесе бірнеше ер адам кісінің басына қолын жайлап басады. Арнау рәсімді өткізетін:

1. Адамның атын толығымен атайды.
2. Өткізілетін арнаудың (Харұн Әулиелігі немесе Мәліксадық Әулиелігі) билігін мәлімдейді.
3. Егер берілмеген болса, Харұн немесе Мәліксадық Әулиелігін тарту етеді.
4. Харұн немесе Мәліксадық әулиелігінде қызмет атын арнайды, және құқық, билік, қызмет атының өкілеттігін тарту етеді.
5. Рухтың бағытымен әулиелік батасын береді.
6. Иса Мәсіхтің атына аяқтайды.

## **Діни анты**



Діни анты арнау рәсімі-ол қасиетті рәсім. Діни антын қабылдаған кезде Иса Мәсіхтің өмірін, ілімдерін және оның өтеуін еске алуға мүмкіндік беріледі. Ол біздің су рәсімін өткен

кездегі Құдайдың бізге берген  
есиеттерін жаңарту уақыты.

Мұғалімдер мен дін қызметшілері  
діни анты орнын дайындай алады;  
дін қызметшілері бата береді,  
ал дьякон, мұғалімдер және дін  
қызметшісі оны тарата алады.  
Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы  
ағалар діни анты қажеттісін  
дайындаған, бата беріп тарата алады,  
тек, егер Харұн Әулиелігін ұстаушы  
ағалар тым аз болса. Егер адам  
қатерлі күнә жасаса, ол діни антын  
дайындауға, бата беруге және  
таратуға құқы жоқ, ол өкініп,  
бұл сұрақты өзінің епископы  
мен немесе шағын тармақ  
президентімен шешімін  
шығарғанша.

Бұл арнау рәсімді Құдайдың атынан  
дайындаған, бата беріп, тарататын  
адамдар. Эр әулиелікті ұстаушы,  
бұл тапсырманы салтанатты түрде,  
құрметімен орындауды керек. Ол  
ұқыпты, таза және сипайы киінуі  
керек. Жеке сырт кел беті  
жасалатын арнау рәсімнің  
қасиеттігін бейнелеуі тиіс.

Діни антын әзірлейтін ағалар,  
жиналыс басталмай дайындаған  
қоюлары керек. Олар болінбеген  
нанды таза нанға арналған табаққа  
қояды да, діни анты үстеліне таза  
су толтырылған шыныаяқтар  
табағымен бірге қояды. Олар нан  
мен суды таза ақ матамен жабады.

Діни антына арналған әнұранды  
орындаған кезде, діни анты үстелінің  
жанында түрғандар, нан салынған  
табақтың матасын ашып, нанды  
кішкене кесектерге бөледі. Әнұран

орындалған сон, нанға бата беруші  
тізе бүгіп отырып, діни анты нанына  
арналған дұғаны дауыстап айтады.  
Содан соң ағалар абырайлығымен,  
құрметімен нанды жиналыста  
қатысқандарға таратады. Алдымен  
жиналыста төрағалық ететін үекілі  
діни анты нанын алады. Содан соң  
барлығы наннан дәм татқаннан  
кейін, діни антын таратқан адамдар  
табақтарды діни анты үстеліне  
қайтарады. Нан таратылып болған  
сон, діни антына бата берушілер  
қайтадан табақтарды матамен  
жабады.

Діни анты үстелінің қасында түрған  
адамдар су салынған табақтан  
матаны шешеді. Суға бата беруші  
тізе бүгіп отырып, діни анты суына  
арналған дұғаны дауыстап айтады.  
Содан соң ағалар суды жиналыста  
қатысқандарға таратады.  
Табақтарды діни анты үстеліне  
қайтарып, қайтадан матамен  
жабады. Содан соң діни антына бата  
берушілер мен таратушылар өз  
жиналыс орындарына отырады.

Діни анты жиналысы Шіркеу  
мүшелері мен балалар үшін де  
арналған. Жиналысты өткізетін  
адам діни анты тек қана шіркеу  
мүшелеріне таратылады деп  
мәлімдемеуі тиіс; және мүшелікке  
қосылмаған адамдарға діни  
антынан дәм татуына бөгет  
болмауы керек.

Діни антына арналған анық,  
мұқият, абыраймен айтуы керек.  
Егер діни антына бата беруші адам  
діни анты дұғасын айтқан кезде  
қателік жіберіп өзі өзгерпесе, онда

епископ немесе шағын тармақтың президенті одан дұғаны дұрыс қайталаپ айтуын сұрайды.

Нанға берілетін дұға:

«О Құдай, Мәңгілік Эке, біз Сенің Ұлың Isa Мәсіхтің атынан дәм алатын бүкіл жандар үшін осы нанға батаңды беріп, нұрынды төге ғөр, олар Сенің Ұлыңның тән денесін естеріне алыш, Сенің алдында күәгер етеді. О Құдай, Мәңгілік Эке, олар өздері Сенің Ұлыңның атын алыш, әрдайым есте сақтап, Ол оларға берген өситеттерді орындауға және Оның Рухы әрқашан олармен бірге болу үшін дайын. Эумин» (І мен Θ 20:77 және Мороний 4).

Суға берілетін дұға:

«О Құдай, Мәңгілік Эке, біз Сенің Ұлың Isa Мәсіхтің атынан осы, барлық жандар үшін ішетін суға батаңды беріп, нұрынды төге ғөр, оны Сенің Ұлың олар үшін төккен қанды естеріне алыш, істеп, Сенің алдында күәгер етеді. О Құдай, Мәңгілік Эке, олар Оны Оның Рухы олармен бірге болуы үшін әрқашан есте сақтайды. Эумин» (І мен Θ 20:79 және Мороний 5).

Жиналыс біте салысымен діни анты үстелі дереу жиналуы керек. Қалған нанды тамаққа жаратуға болады.

Діни антына бата беру мен таратуы төрагалықтары үзкілдің рұқсатын талап етеді.

## Майды дәріптеу

Бір (немесе бірнеше) Мәліксадық Әулиелігін ұстаушылар таза зәйтүн майын дәріптеиді, оны киелі мақсатында, науқас адамдар мен қиянат қөрген адамдарға жағу үшін қолданады. Маймен дәріптеуші:

1. Қолына зәйтүн майы бар ашық ыдысты алады.
2. Көктегі Әкемізге ұндеу жасайды.
3. Мәліксадық Әулиелік билігімен жүргізетінін мәлімдейді.
4. Майды дәріптеиді (ыдысты емес) май жағып бата беру үшін науқас және қиянат қөргенге қолын басады.
5. Иса Мәсіхтің атына аяқтайды.

## Науқастарға қызмет қөрсету



Тек қана Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы адамдар науқас немесе қиянат қөрген кісіге қызмет қөрсете алады. Әдетте, екі немесе бірнеше адам қызмет қөрсете алады, бірақ оны бір адам да істей алады. Егер дәріптелген май болмаса,

Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы, батаны әулиелік билігімен бере алады.

Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы отағасы, өзінің отбасындағы науқас мүшелеріне қызмет көрсетуі керек. Ол басқа Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы адамнан көмек сұрай алады.

Науқас кісіге қызмет көрсету еki бөлімнен тұрады: (1) майды жағу және (2) жағылууды бекіту.

### **Маймен жағу**

Бір Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы адам науқас кісіге май жағады. Сол үшін, ол:

1. Бір тамшы майды адамның басына жағады.
2. Қолын адамның басына жайлап басады да, атын толығымен атайды.
3. Адамға май жағуды Мәліксадық Әулиелігінің билігімен орындастынын мәлімдейді.
4. Науқас және қиянат көрген адамға, дәріптелген майды жағып, бата беретінін мәлімдейді.
5. Иса Мәсіхтің атына аяқтайды.

### **Май жағудың бекітімі**

Әдетте, екі немесе бірнеше Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы адам, науқас кісінің басына жайлап қолын басады. Ер адамның біреуі май жағуды бекітім етеді. Сол үшін, ол:

1. Адамның атын толығымен атайды.

2. Мәліксадық Әулиелігінің билігімен май жағуды бекітім ететінін мәлімдейді.

3. Рухтың бағытымен батасын береді.
4. Иса Мәсіхтің атына аяқтайды.

**Әкенің берген батасы және басқа жұбаныш немесе кеңес бatalары.**



Әкенің батасы мен басқа әулиелік бatalар, Киеle Рухтың қолдауымен, жетекшілік пен жұбанышты қамтамасыз ету үшін беріледі.

Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы отағасы өз балаларына әкелік батасын бере алады. Ондай бatalар ете пайдалы болуы мумкін, әсіресе балалар үйден алыстағанда, мысалы, оқуға немесе миссияға кеткенде, олар жұмыс істей бастағанда, үйленгенде, әскер оқуына кеткенде, немесе басқа да киындықтармен жолыққанда. Бұл бatalар отбасы үшін үлкен құш қайрат. Отбасы әкесінің берген батасын отбасы жазбасында жаза алады, бірақ олар Шіркеу

құжаттарында сақталмайды. Ата-аналар, қажеттілік туындаған кезде, әкесінің батасын алуға балаларын ынталандыруы керек.

Мәліксадық Әулиелігіне лайық ұстаушылар жұбаныш батасын, өз әйелдеріне кенес, басқа тұған туысқанға, және барлық бата сұраған адамдарға бере алады.

Әкеңдік батасын немесе басқа жұбаныш не кенес баталарын беру үшін, бір немесе бірнеше Мәліксадық Әулиелігін ұстаушыға лайық адамдар қолын бата алушы кісінің басына жайлы қояды. Мұндай бата үшін майдың қажеті жоқ. Бата беруші адам:

1. Адамның атын толығымен атайды.
2. Мәліксадық Әулиелігінің билігімен беретінін мәлімдейді.
3. Рухтың бағытымен бата береді.
4. Иса Мәсіхтің атына аяқтайды.

## Молаларды дәріптеу

Молаларды дәріптейтін адам, Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы және әулиелік қызметіндегі қызметті өткізетін адамның рұқсаты болуы керек.

Моланы дәріптеу үшін, ол:

1. Көктегі Әкеге үндеу.
2. Мәліксадық Әулиелігінің билігімен моланы дәріптейтінін мәлімдейді.
3. Өлген адамның денесі жатқан жердегі моланы дәріптеїді.
4. Егер ол ыңғайлы болса, ол жер қасиеттілігін жексенбіге дейін сақтаулы үшін мінажат ету.
5. Құдайдан отбасыға жұбаныш сұрау және Рухтың бағытымен басқа ойларды айту.
6. Иса Мәсіхтің атына аяқтау.

Отбасы адамының қалауымен (Мәліксадық Әулиелігін ұстаушы болғаны дұрыс) моланың жанында соңғы дұғаны дәріптеу дұғасының орнына айта алады.

## Шіркеудің оқу жабдықтары мен отбасы тарихы туралы ақпаратты іздең табу

---

Жергілікті басқарушылар және басқа да Шіркеу мүшелері шіркеу мәліметтерін, қосымша Киели жазбаларды, оқу әдебиетін, шіркеу журналдарын, ақтық киім мен гибадатханаға арналған киімді, өз шіркеуінің тарату орталығында немесе әкімшілік басқармасында, Солт Лейк Сити тарату орталығынан немесе Галамтордағы арнайы Шіркеу сайтынан таба алады.  
[www.ldsl.org](http://www_lds.org)

Отбасы тарихи жұмыстары туралы мәліметтер Шіркеудің отбасы тарихи жұмыстары деген Ғаламтор сайтында орналасқан. [www.familysearch.org](http://www.familysearch.org)

THE CHURCH OF  
**JESUS CHRIST**  
OF LATTER-DAY SAINTS

KAZAKH



A standard linear barcode is positioned vertically. It consists of vertical black bars of varying widths on a white background.

4 0231180145 9  
31180 145